

Үстіміздегі жылдын кантар айынан бастап колга алынган “Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын” жүзеге асыру арқылы елімізде кәсіпкерлікке көңіл ашу қозғалуда. Бұл бағыт бойынша бағдарламаға қатысушыларға “Бастау Бизнес” жобасымен кәсіпкерлік негіздері үйретіліп, тың бастамаларына қолдау көрсетілетін болады. [cialis cost of buying cialis in thailand](#) [generic price](#) [cialis prices us](#) [buy cialis by check](#) [cialis canada trial](#)  
argaiv1962

Елбасының тапсырмасына сәйкес қолга алынған бағдарламаның мақсаты – еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптік біліктілікті, дағдыларды менеджментті тиімді жүзеге асыру, азаматтардың жұмысқа орналасуы немесе өзінің ісін ашу үшін қажетті кәсіби дағдыға жаппай оқыту мен үйрету болып табылады. Бағдарлама үш бағыт бойынша жүргізіледі. Бірінші бағыт – бағдарламаға қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен, қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету. Екінші бағыт – “Бастау Бизнес” жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, тың бастамаларды қолдау, қалалар мен ауылдарда шағын кредиттерге кепілдік беру қарастырылған. Бағдарламаның үшінші бағыты – халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының үлкен қысқаруы арқылы еңбек нарығын дамыту. Яғни, нәтижесіз еңбектен нәтижелі жұмысқа жетудің бір тетігі осы бағыттар болмақ.

Келешегінен мол үміт күттірген бағдарламаның “Бастау Бизнес” жобасы біздің өмірімізде де табысты жүзеге асырылуда. Биыл бағдарлама аясында кәсіпкерлік, мал және егін шаруашылығымен айналысқысы келген 343 жерлесіміз “Бастау Бизнес” жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқып, арнайы сертификат алды.

Габит Мүсірепов атындағы ауданның тұрғыны Артем Моторныйдың жетістігін айтып отыра алады. Артем – “Бастау Бизнес” жобасында білім алып, қаржыландыруға қол жеткізген көп жерлестеріміздің бірі. Бірнеше жылдан бері жолаушылар тасымалымен айналысуды мақсат еткен. Алайда, тиісті тәжірибесі мен білімі болмағандықтан, жігеріне күмән күйылген екен. Таныстарынан жоба туралы естігеннен кейін, бағын сынап қоруге бел

буган. Онын айтуынша, бул курс білімін толықтыруға ғана емес, қорқынышын жеңіп, тәуекелге баруға көмектесті. Жас кәсіпкер жобаның бір айлық оқу курсынан өтіп, сертификатқа ие болды.

“Бастау Бизнес” жобасының түлегі үстіміздегі жылдың мамыр айында “Бірлік” ауылдық несиелік серіктестігіне құжаттар мен отінішін берген. Болашақ кәсіпкерге екі аптадан соң 7,5 млн. теңгенің несиесі берілді. Бул қаражатқа Артем Моторный шағын автобус сатып алып, Габит Мүсірепов атындағы ауданның Ломоносовка ауылынан Петропавл қаласына қатынайтын жолаушылар көлігінің бағытын ашқан.

– Мен осы бағыттағы көлік қатынасын ашуды бұрыннан ойластырып жүрген едім. Себебі, біздің ауылдың тұрғындарына Петропавл қаласына жетудің қиындығын білемін. Енді, міне, бул мәселе де шешімін тауып, ауылдастарымның жол шығыны азаяды және облыс орталығына тікелей қатынай алады, – дейді жас кәсіпкер.

Габит Мүсірепов атындағы аудан – облысымызда “Бастау Бизнес” жобасы жүзеге асырылған бес ауданның бірі. Бүгінде аудан бойынша 60 адам кәсіпкерліктің негіздері бойынша білім алып үлгерді.

Динара БЕКТҮРОВА,

облыстық кәсіпкерлер палатасының баспасөз хатшысы.